

2. Халикова К. З. Білім беруді цифрлық жүйеге көшірудің өзекті мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2021. – Т. 2. – № 69. – Б. 41-49.17.
3. Е. Елубай, Ұ.М. Әбдіғаббарова, Д.М. Джусубалиева Жаппай ашық онлайн курстары (MOOCS)–болашақ педагог-тардың цифрлық құзыреттілігін дамыту құралы //ҚазҰУ хабаршысы.Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2020. – Т.64. – № 3. – Б. 50-58
4. Полат В. Дистанционное обучение: идеи, технологии, проблемы и перспектива. М., 2005.
5. Овсянников В.И. Дистанционное образование в России: постановка проблемы и опыт организации / В.И. Овсянников, В.П. Кашицин – М.: РИЦ «Альфа» МГОПУ им. М.А. Шолохова, 2001. – 794 с.
6. Kadeeva O., Alexander N., Belov N., Svetlana A. In the context of distance learning. Vestnik KSU. – 2022.
7. Анисимов, А.М. Работа в системе дистанционного обучения Moodle: учеб. пособие / А.М. Анисимов. – Изд. 2-е. – Харьков: ХНАГХ, 2009. – 292 с.
8. Заводчикова, Н.И. Использование системы дистанционного обучения Moodle для организации самостоятельной работы студентов днев- ной формы обучения / Н.И. Заводчикова, У.В. Плясунова, М.А. Суворова // Вестник КГУ. Сер. Педагогика. Психология. Социокинетика. – 2016. – № 4. – С. 170–174.

УДК 37.012

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Қали А¹., Шымберген М.Қ²., Лакбагарова О.К²., Лакбагарова А.К³.

¹Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

²Екібастұз қаласының әкімдігінің №18 ЖОББМ» КММ Екібастұз қ., Қазақстан

³Павлодар облысының әкімдігінің БББ №6 арнайы мектебі» КММ Екібастұз қ., Қазақстан

Мақалада әртүрлі жас кезеңдерінде оқушылардың танымдық мүмкіншіліктерін зерттеуде, жеке тұлғаны қалыптастырудың нақты жолдарын анықтауда рөлі ерекше екендігі, сонымен қатар адам психологиясына әсер ету, өзгерту құралы ретінде өзіндік ерекшелігінің бір мезгілде зерттеу тәсілі, сонымен қатар зерттеу құбылыстарын қалыптастыру әдісі қызметін атқаратындығы айтылады. Қалыптастырушы эксперимент үшін зерттелетін психикалық үрдістерге зерттеуші белсенді араласады. Ол балалардың психикалық дамуын зерттеуді, тәрбие және оқытудың бірлікте болуын қамтамасыз етеді.

Кілт сөздер: тұлға, таным, оқыту технологиясы, педагогика.

The article emphasizes that at different age stages, a special role is assigned to the study of students' cognitive abilities, the definition of specific ways of personality formation, and also serves as a way to study specifics as a means of influencing and changing human psychology, as well as a way to form research

phenomena. For a formative experiment, the researcher actively intervenes in the mental processes being studied. It provides a study of the mental development of children, the unity of upbringing and education.

Keywords: personality, cognition, learning technology, pedagogy.

Оқыту барасында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін жақсартады. Бұл проблеманы зерттей келе, педагогикалық технологияны пайдалану қажеттігі мен оны пайдалануда қол жеткізіліп жақтан тиімділігі арасында алшақтық байқалады. Педагогикалық технологияның ғылыми негіздерін білмей, оның тиімділігіне көз жеткізбей, кездейсоқ, оқтын-оқтын пайдалану дұрыс нәтижеге әкелмейтіндігін практиканың өзі көрсетіп отыр.

Біздің республикамызда мектептегі биология курсының пәндерін, соның ішінде Биология пәнін оқыту технологияларының мектептердің білім беру процесінде пайдаланылуына талдау жасау негізінде және жүргізген сауалнамаларға сүйене отырып, қазіргі кездегі бұл процестің өте баяу жүруі, кейде шалағай пайдалану бұл бағыттағы істі жетілдіруді, оның маңызы мен мәнін дұрыс ұғынып, пайдалануды қажет етеді деген ойға келдік.

Сондықтан да біз бітіру жұмысымыздың тақырыбын: «Биология пәнін жеке тұлғаға бағытталған технология негізінде оқыту жолдары» деп таңдадық.

Жұмыстың мақсаты: биология пәнін жеке тұлғаға бағытталған технология негізінде оқыту жолдарын зерттеу.

Соңғы он жылдықта оқыту процесінде «жеңіске жету жағдайын туғызу» деген сөз тіркесі пайда болды. Мұғалім оқу-тәрбие процесінде 1-2 рет оқушыға жеңіске жету жолын көрсету қажет, оның нәтижесінде оқушы жоғары нәтижеге жете алатындай болуға тиіс. Бұл таным белсенділігін қалыптастырады.

Бірақ, үнемі жеңіске жету, оқушының ерік сапасының қалыптасуына кері әсер етеді. Сондықтан да мұғалім оқушыға оқу процесі кезінде кездесетін қиындықтарды жеңуге, одан қорықпай шығуға үйрету қажет. Бұл сабақ кезінде әртүрлі ситуация туғызу арқылы іске асырылады.

Мұғалім оқушыға жеңіске жетудің жолын көрсетеді. Бұл ретте мұғалім оқушыда жағымды эмоциялық жағдай қалыптасуын қамтамасыз етеді, себебі, жеңіске жетуге ұмтылу адамда өз күшіне сенуді қамтамасыз етеді, жеңіске жету тағы да жеңіс қуанышы сияқты «тәтті бір сезімге тағы да бөленсем» деген бір түрткі туғызады. Жағымды эмоция ішкі келісім жағдайын туғызады, ол басқа адаммен қарым-қатынасынан білінеді.

Жеңіске жетуге итермелейтін ситуация біртіндеп саналы түрде мына ретте қалыптасады:

- іс-әрекетке бағытталған дұрыс ұстанымның болуы;
- жоспарланған іс-әрекетті қамтамасыз ету;
- алынған нәтижені болжанған нәтижемен салыстыруға болатындығы.

Сабақта жеңіске жету алгоритмі үш кезеңнен тұрады:

- 1) түрткі (мотивациялық) кезеңінен,
- 2) ұйымдастыру кезеңінен
- 3) қорытынды кезеңнен.

Алғашқы кезеңдегі мұғалімнің мақсаты тапсырманы орындауға бағытталған түрткі қалыптастыру болып табылады.

Екінші кезеңде-жеңіске жету жағдайын қамтамасыз ету, танымдық іс-әрекет ұйымдастыру.

Соңғы, үшінші кезең оқу іс-әрекеті нәтижесіне саналы әрекеті қалыптастыруға, жаңа танымдық іс-әрекетке бағытталады.

Бұл кезде оқушыға дұрыс эмоционалдық қолдау керек. Сонда ғана жағымды эмоция және іс-әрекетке негіз пайда болады. Егер оқушы өз қателерін ескеріп, түзету бағытында жұмыс істесе, нәтиже біртіндеп жоғарылайды.

Бұл ретте мұғалім мына жұмыс нысандарын пайдалануына болады:

- қызық тапсырмаларды өз бетінше шешу;
- өзінің іс-әрекетінің адамдарға пайдалы жағын көрсету;
- мұғаліммен жаңа қарым-қатынаста еңбек ету жағдайын қалыптастыру.

Бүгінгі күнгі оқыту процесіндегі ең маңызды жағдай *рефлексия*, яғни өзіне-өзі сын тұрғысынан қарауы. Бұл кезде оқушы мұғалім көмегімен болашаққа болжам жасайды. Бұл іс әрекет бірнеше циклден тұрады (1-кесте) [1-3].

Міне, осылайша оқушыда педагогикалық процесті технологияландыру арқылы өз бетінше білім алуға деген тұрақты қажеттілік пайда болады.

1-кесте

Жеңіске жету алгоритм кезеңдері

Мотивациялық кезең	Іс-әрекет кезеңі	Қорытынды кезең	Оқушыдағы сапалық өзгерістер
Жеңіске жетуге бағытталған кезең			
I кезең			
Мұғалім нақты оқу жағдайында жеңіске жетуге түрткі жасайды.	Мұғалім оқушыға қажетті жағдайды қамтамасыз етеді.	Нәтижесінде оқушыда жағымды эмоция пайда болады, тапсырма орындалады	Жағымды эмоция оқушының өз күшіне сенімін туғызады, ол жаңа тапсырманы орындауға итермелейді.
Оқушы тағы да жеңіске жетуге тырысады.			
II кезең			
Оқушыда жеңіске жетуге деген түрткі пайда болады, ол үшін оқушы белгілі бір күш жұмсауға дайын тұрады.	Мұғалім тапсырма береді, оны орындауға біршама оқушы күшжігерін жұмсап, ойлау іс-әрекетін ұйымдастыруы қажет болады.	Оқушы өзінің күшін бағалай отырып, өзін-өзі бағалайды, мұғалімнің бағасымен салыстырады, сәйкес келмейтін жерін салыстырады.	Қиындықты жеңу жеңіс құнын тереңірек кезінуге, оны қайталауға, жеңіс нәтижесін бекітуге итермелейді.
III кезең			
Одан әрі оқушыда жеңіске жетуге деген «ішкі түрткі» пайда болады, онда танымдық процеске деген қызығушылық	Оқушыға берген тапсырма нұсқаларының ішінен оқушы өзіне көлемі мен қиындық дәрежесіне байланысты	Оқуға деген саналы қатынас қалыптасады, нәтижені объективті бағалай білу сезімі пайда болады.	Өзінің мүмкіндігін, білім мен білік деңгейін ажыр-ата алатын болады, білімін жетілдіруге қажет жағдайда түсінеді.

пайда болады	тапсырманы таңдайды, оқушыда өзінің іс-әрекет стилі пайда болады.		
IV кезең			
Оқушыда өз бетінше оқуға, білім алуға, білімін жетілдіруге деген қажеттілік пайда болады	Оқушы жеңіске жетуге бағытталған іс-әрекетті өзі қамтамасыз етеді.	Оқушы өзінің іс-әрекетін болашақтағы дамуға бағытталған жұмыстың негізі деп бағалайды.	Оқушы өзін-өзі жетілдіре алады, жеңіске бағытталған тапсырманы таңдай алады, өзіне де, өзгеге де сондай талап қоя алатын болады.

Бұл процесте мұғалім оқытуға емес, оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың жолын табуға көмектеседі.

Биология пәнін оқытуда қазіргі кезде жалпы денсаулықтың төмендеуі, аурулардың көбеюіне көбірек көңіл аудару қажет. Бұған оқытуда технологияландыру арқылы қол жеткізуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қисымова Ә.Қ., Нұрланов Е.Б. Оқыту технологиялары. I бөлім. Оқу-әдістемелік құрал.- Алматы, 2007. - 152 б.
2. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. II бөлім. Оқу-әдістемелік құрал.- Алматы, 2007. - 188 б.
3. 12 жылдық оқыту мәселелері «Қазақстан Республикасында жалаы орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары» (ҚР Білім және ғылым министрімен диалог). Құрастырушы-авторлар Ү.Б.Жексенбаева, Ж.Б.Самуратова, Б.Қ.Игенбаева. -Алматы: «Мастер-Принт» полиграфиялық орталығы, 2006, - 127 б.

УДК 37.012

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ШЕТ ЕЛДЕРДЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ

Лакбагарова О.К¹., Лакбагарова А.К².

¹*Екібастұз қаласының әкімдігінің №18 ЖОББМ» КММ Екібастұз қ., Қазақстан*

²*Павлодар облысы әкімдігінің БББ №6 арнайы мектебі» КММ Екібастұз қ., Қазақстан*

Мақалада инклюзивті білім берудің шет елдерде дамуы және салыстырмалы түрде Қазақстанда инклюзивті білім берудің ерекшеліктері айтылған, сонымен қатар адам психологиясына әсер ету, өзгерту құралы ретінде өзіндік ерекшелігінің бір мезгілде зерттеу тәсілі, сонымен қатар инклюзивті білім берудің таралуының әлеуметтік себебі мен оның әртүрлі мүмкіндіктері бар адамдарды қабылдайтын толерантты қоғам құрудағы рөлінің балаларда айырмашылықтарды құрметтеуге тәрбиелейді және эмпатияны дамытады. Балалар бір-бірімен ынтымақтастықты және қолдауды үйренетінін, ал әртүрлі оқыту әдістерін қолдану материалды тереңірек игеруге көмектесетіндігі сөзсіз педагогикалық артықшылық болатындығы баяндалған.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру, оқыту технологиясы, педагогика.